



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,  
Орынбор көшесі, № 8 үй, тел.: 8(7172) 74-38-01,  
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@ economy.gov.kz

№ исх: 35-7/8413 от: 22.05.2017

010000, г. Астана, район «Есіл»  
улица Орынбор, дом № 8, тел.: 8(7172) 74-38-01  
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@ economy.gov.kz

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
А.Т. Перуашевқа  
Е.С. Никитинскаяға  
К.Г. Абсатировқа  
Б.С. Дүйсенбиновқа  
Д.М. Еспаеваға  
М.А. Қазбековаға**

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі 2017 жылғы 7 сәуірдегі № ДЗ-100 депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

*«ППЖТ-1» ЖШС, «ППЖТ-2» ЖШС және «Фирма Енисей» ЖШС-ға қатысты*

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың қызметтері табиғи монополия аясына жатады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінде бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, кірме жолдар саласына жататын қызметтер, оның ішінде бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтер (бұдан әрі – *Көрсетілетін қызмет*) айқындалған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің (бұдан әрі - *Департамент*) ақпаратына сәйкес «ППЖТ-1» ЖШС өз маневрлік тепловоздарымен вагондарды беру-әкету қызметтерін жүзеге асырады және кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылмайды. Вагондарды беру-әкету қызметтері бәсекелес нарықта көрсетіледі және тиісінше осы қызметтерге бағаларды мемлекеттік реттеу қолданылмайды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығына кіруді шектеуге, бәсекелестікті болғызбауға, шектеуге және жоюға алып келген немесе алып келетін және (немесе) нарық субъектісінің немесе белгілі бір тұтынушылар тобының заңды құқықтарына қысым жасайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның ішінде монополиялық жоғары (төмен) немесе моносониялық төмен бағаларды белгілеу, ұстап тұру сияқты әрекеттеріне және нарық субъектілерімен немесе тұтынушылармен жасалған мәні бірдей келісімдерге объективті түрде ақтамайтын себептермен әртүрлі бағаларды не әртүрлі шарттарды қолдану, оның ішінде бұл тауарды өндіруге, өткізуге және жеткізуге жұмсалатын түрлі шығындарға, сату көлемін, төлеу шарттарын, шарттың қолданылу мерзімдерін ескеретін жеңілдіктер жүйесінің кемсітпеушілік қолданылуына байланысты болса тыйым салынады.

Сонымен қатар, ТОО «Фирма Енисей» ЖШС қуаты аз табиғи монополия субъектісі болып табылады және «АЗМК» ЖШС-ға 2012 жылғы 1 қаңтарда жасалған № 08/12 шарттың негізінде Қызметтерді көрсетеді.

Заңның 15-бабының 3-тармағына сәйкес қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін), тарифтік сметаларды алдыңғы күнтізбелік жылдағы факт бойынша тұтынушылық бағалар индексінен аспайтын шамаға жылына бір рет өз бетінше өзгертуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми деректері бойынша 2015 жылы тұтыну бағаларының нақты индексі 13,6 % деңгейінде болды.

«Фирма Енисей» ЖШС Заңның 15-бабының 3-тармағына сәйкес алдыңғы күнтізбелік жылдағы факт бойынша тарифті тұтынушылық бағалар индексінен аспайтын шамаға жылына бір рет өз бетінше өзгертті, яғни Көрсетілетін қызметке тариф 1 426,1-ден 1 569 теңгеге/ваг-км ҚҚС-сыз (10%-ға өсумен), 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып өсті.

Сондай-ақ Департаменттің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 171-НҚ бұйрығымен «ППЖТ-2» ЖШС 2011 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Көрсетілетін қызметке тарифті 853,9 теңге/ваг-км (ҚҚС-сыз) арттырды. Департамент 2012 жылы тарифтік сметаның орындалуын талдау қорытындысы бойынша, 2013 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып 1 жыл қолдану мерзімімен 813,66 теңге/вагон-км (ҚҚС-сыз) (қолданыстағы тарифпен салыстырғанда -4,7%) мөлшерінде уақытша өтемдік тарифті бекітті. «ППЖТ-2» ЖШС-ның осы уақытша өтемдік тарифі 2014 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылды. Тиісінше, «ППЖТ-2» ЖШС 2011-2016 жылдар кезеңіне Көрсетілетін қызметке тарифті өсірген жоқ.

Сонымен бірге, Заңның 7-бабының 2-3) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган бекіткен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейлері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер ұсынуға міндетті.

Заңның жоғарыда аталған нормасын орындау үшін және тарифті бекітуге арналған өтінімнің негізінде «ППЖТ-2» ЖШС Департаменттің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 209-НҚ бұйрығымен 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 2017-2021 жылдарға арналған Көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтердің шекті деңгейлерін бекітті.

«ППЖТ-2» ЖШС-ның көрсетілетін қызметіне бекітілген тарифтер						
Тарифтің қолданылу жылы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Тариф, тенге/ваг-км (ҚҚС-сыз)	853,9	893	919	956	989	1032
өткен жылға тарифтің өсуі %		4,6	2,9	4	3,5	4,3

#### *«Көліктік сервис орталығы» АҚ-ға қатысты*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылардан келіп түскен шағымдардың негізінде «Көліктік сервис орталығы» АҚ-ға (бұдан әрі – Қоғам) жоспардан тыс тексеру жүргізді, оның барысында Қоғамның Заңның нормаларын бұзу фактілері анықталды.

Заңның 5-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісіне осы Заңда көзделмеген қосымша ақы алуға немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелерді өзге түрде тануға тыйым салынады.

Алайда, Қоғам 2017 жылы Қызметтер көрсетуге арналған жаңа шарттарда тұтынушылар үшін техникалық паспорт бойынша кірме жолдардың ұзындығын бір жақты тәртіппен өзгертті, бұл өз кезегінде Көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюына әкеп соқты.

Бұл ретте, Көрсетілетін қызметтердің құнын есептеген кезде тұтынушы (контрагент) іс жүзінде пайдаланған кірме жолдың (немесе кірме жол бөлігінің) ұзындығы ескерілетінін атап өтеміз.

Сондай-ақ жоспардан тыс тексеру барысында Қоғам өзінің монополиялық жағдайын пайдаланып, Қызметтер көрсетуге қол жеткізудің тең жағдайларын шектеу бойынша әрекеттер жасағаны анықталды, бұл туралы тұтынушылардың шағымдары және «Алматы-2» станциясында жалғастырушы жолды жабу туралы актілер куәландырады.

Сонымен қатар, Заңның 7-бабын бұзушылықтар, Қоғамның тұтынушылармен (контрагенттермен) Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығымен бекітілген үлгі шартқа сәйкес келмейтін шарттар жасасуы анықталды.

Жоспардан тыс тексерудің қорытындысы бойынша, Комитет 2017 жылғы 9 наурызда Қоғамға қатысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 164-бабының 4 және 5-бөліктері бойынша әкімшілік істер қозғады, оларды қазіргі кезде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатты.

Қазіргі уақытта Комитет Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының жоғарыда аталған қаулыларының күшін жою туралы наразылық енгізу туралы өтінішхат дайындап жатыр.

«Зерновой пул Казахстана» ЖШС және «Темирбетон» ЖШС бойынша мәселені жан-жақты қарау үшін Комитет Қоғамға қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізу бойынша шаралар қабылдауда. Жоспардан тыс тексерудің нәтижелері туралы қосымша хабарланатын болады.

**Министр**

**Т. Сүлейменов**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Перуашеву А.Т.  
Никитинской Е.С.  
Абсагирову К.Г.  
Дюсембинову Б.С.  
Еспаевой Д.М.  
Казбековой М.А.**

**Уважаемые депутаты!**

Министерство национальной экономики Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос от 7 апреля 2017 года № ДЗ-100, сообщает следующее.

*Касательно ТОО «ППЖТ-1», ТОО «ППЖТ-2» и ТОО «Фирма Енисей»*

В соответствии с подпунктом 7) пункта 1 статьи 4 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» (*далее - Закон*) услуги подъездных путей при отсутствии конкурентного подъездного пути относятся к сфере естественной монополии.

Перечнем регулируемых услуг (товаров, работ) субъектов естественных монополий, утвержденным приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 186, определены услуги, относящиеся к сфере подъездных путей при отсутствии конкурентного подъездного пути, в том числе услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути (*далее – Услуга*).

Согласно информации Департамента Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы (*далее - Департамент*) ТОО «ППЖТ-1» осуществляет услуги по подаче-уборке вагонов своими маневровыми тепловозами и не является субъектом естественной монополии по регулируемым услугам подъездных путей. Услуги по подаче-уборке вагонов

оказываются на конкурентном рынке и, соответственно, государственное регулирование цен на данные услуги не распространяются.

При этом, в соответствии с подпунктами 1) и 2) статьи 174 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан запрещаются действия (бездействие) субъектов рынка, занимающих доминирующее или монопольное положение, которые привели или приводят к ограничению доступа на соответствующий товарный рынок, недопущению, ограничению и устранению конкуренции и (или) ущемляют законные права субъекта рынка или неопределенного круга потребителей, в том числе такие действия, как установление, поддержание монопольно высоких (низких) или монопсонически низких цен и применение разных цен либо разных условий к равнозначным соглашениям с субъектами рынка или потребителями без объективно оправданных на то причин, в том числе, когда это обусловлено разными затратами на производство, реализацию и доставку товара, недискриминационным применением системы скидок, учитывающей объемы продаж, условия оплаты, сроки действия договора.

Вместе с тем, ТОО «Фирма Енисей» является субъектом естественной монополии малой мощности и оказывает ТОО «АЗМК» Услуги на основании договора, заключенного от 1 января 2012 года № 08/12.

В соответствии с пунктом 3 статьи 15 Закона субъекты естественных монополий малой мощности вправе самостоятельно изменять тарифы (цены, ставки сбора) на регулируемые услуги (товары, работы), тарифные сметы один раз в год на величину, не превышающую индекс потребительских цен по факту предшествующего календарного года.

По официальным данным Национального банка Республики Казахстан фактический индекс потребительских цен в 2015 году сложился на уровне 13,6 %.

ТОО «Фирма Енисей», на основании пункта 3 статьи 15 Закона, самостоятельно повысило тариф на величину, не превышающую индекс потребительских цен по факту предшествующего календарного года, т.е. тариф на Услугу повышен с 1 426,1 до 1 569 тенге/ваг-км без НДС (*с ростом на 10%*), с вводом в действие с 1 июля 2016 года.

Также, приказом Департамента от 24 декабря 2010 года №171-ОД ТОО «ППЖТ-2» утвержден тариф на Услугу в размере 853,9 тенге/ваг-км (*без НДС*), с вводом в действие с 1 февраля 2011 года. Департаментом, по итогам анализа исполнения тарифной сметы за 2012 год, утвержден временный компенсирующий тариф в размере 813,66 тенге/вагон-км (*без НДС*) (*снижение на -4,7% по сравнению с действующим тарифом*), с вводом с 1 июля 2013 года со сроком действия на 1 год. Данный временный компенсирующий тариф ТОО «ППЖТ-2» действовал до 1 июля 2014 года. Соответственно, за период 2011-2016 годы тариф на Услугу ТОО «ППЖТ-2» не повышался.

Вместе с тем, согласно подпункту 2-3) статьи 7 Закона, субъект естественной монополии обязан предоставлять регулируемые услуги по

предельным уровням тарифов (цен, ставок сборов), утвержденным уполномоченным органом.

Во исполнение вышеуказанной нормы Закона и на основании заявки на утверждение тарифа, ТОО «ППЖТ-2», приказом Департамента от 18 ноября 2016 года № 209-ОД, утверждены предельные уровни тарифов по Услуге на 2017-2021 годы, с вводом в действие с 1 января 2017 года.

Утвержденные тарифы на Услугу ТОО «ППЖТ-2»						
Год действия тарифа	2016 г.	2017 г.	2018 г.	2019 г.	2020 г.	2021 г.
Тариф, тенге/ваг-км (без НДС)	853,9	893	919	956	989	1032
% роста тарифа к предыдущему году		4,6	2,9	4	3,5	4,3

### *Касательно АО «Центр транспорта сервиса»*

Комитетом по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее - Комитет), на основании жалоб, поступивших от потребителей регулируемых услуг подъездных путей, в отношении АО «Центр транспортного сервиса» (далее – Общество), проведена внеплановая проверка, в ходе которой были установлены факты нарушения Обществом норм Закона.

В соответствии с подпунктом 4-1) пункта 1 статьи 5 Закона субъекту естественной монополии запрещается взимать дополнительную плату, не предусмотренную настоящим Законом, или иным образом навязывать дополнительные обязательства, которые по своему содержанию не касаются предмета оказываемых регулируемых услуг.

Однако, Обществом, в новых договорах на оказание Услуги в 2017 году, в одностороннем порядке для потребителей изменена протяженность подъездных путей по техническому паспорту, что, в свою очередь, привело к увеличению стоимости Услуги.

При этом, отмечаем, что при расчете стоимости Услуги, учитывается длина подъездного пути (или часть подъездного пути), которым фактически воспользовался потребитель (контрагент).

Также, в ходе внеплановой проверки установлено, что Общество, воспользовавшись своим монопольным положением, применяло действия по ограничению равных условий доступа по предоставлению Услуги, о которых свидетельствуют жалобы потребителей и акты о перекрытии соединительного пути на станции «Алматы-2».

Наряду с этим, также установлены нарушения статьи 7 Закона – заключение Обществом с потребителями (контрагентами) договоров, несоответствующих типовому договору, утвержденному приказом Министра национальной экономики от 27.03.2015 года №266.

По итогам внеплановой проверки Комитетом 9 марта 2017 года возбуждены административные дела в отношении Общества по части 4 и 5 статьи 164 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», которые, в настоящее время, Специализированным

межрайонным административным судом города Астаны были прекращены в связи с отсутствием состава правонарушения.

В настоящее время Комитетом готовится ходатайство о внесении протеста в органы прокуратуры по отмене вышеуказанных постановлений Специализированного межрайонного административного суда города Астаны.

Для всестороннего рассмотрения вопроса по ТОО «Зерновой пул Казахстана» и ТОО «Темирбетон» Комитетом принимаются меры по проведению внеплановой проверки в отношении Общества. О результатах внеплановой проверки будет сообщено дополнительно.

**Министр**

**Т. Сулейменов**